

**«Инклюзивті білім беру әдістемесі: практикалық тәсілдер», «Методика инклюзивного образования: практические подходы» педагогтердің біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасына
САРАПТАМАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

«Инклюзивті білім беру әдістемесі: практикалық тәсілдер», «Методика инклюзивного образования: практические подходы» педагогтердің біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасына сараптама КР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175-ші бұйрығымен бекітілген педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары негізінде (әрі қарай – Қағида) жүргізілді.

Қағиданың 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасы және нормативтік құқықтық актілеріне талдау жасалған. Зерттеудің сандық әдістер арқылы педагогтердің кәсіби дамуындағы қажеттіліктеріне талдау жұмыстары жасалған.

Қағиданың 5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілеріне және педагогтердің қажеттіліктеріне жүргізген талдау нәтижелері хаттамалық шешіммен рәсімделген.

Қағиданың 6-тармағына сәйкес Хаттаманың негізінде біліктілікті арттыру үйімі Бағдарламаны әзірлеу мерзімдерін, атауын, оқыту ұзақтығы мен нысанын көрсете отырып бұйрық шығарған.

Қағиданың 7-тармағына сәйкес Бағдарлама КР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығын және КР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығын ескере отырып әзірленген.

Қағиданың 8-тармағына сәйкес Бағдарлама келесі бөлімдерді қамтиды: Жалпы ережелер; Глоссарий; Бағдарлама тақырыбы; Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері; Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны; Оқу процесін үйімдастыру; Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету; Оқу нәтижелерін бағалау; Курстан кейінгі қолдау; Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі.

«Жалпы ережелер» бөлімінде Бағдарламаның жалпы мемлекеттік басымдықтар мен әлемдік трендтермен байланысы көрсетілген.

«Глоссарий» бөлімінде көрсетілген терминдер еліміздің нормативтік құжаттарында көрсетілген анықтамаларға сәйкес келеді.

«Бағдарлама тақырыбы» бөлімінде Бағдарламаның жаңашылдық дәрежесіне, білім беру жүйесінде аналогтарының бар/жоқтығына талдау жасалған.

«Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері» бөлімінде Бағдарламаның тәжірибелік маңыздылығы, оқыту нәтижелерінің педагогтердің жұмыс тәжірибесіне әсері сипатталған.

«Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны» бөлімінде Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері бойынша күтілетін нәтижелердің өзара байланысы

сипатталған.

«Оқу процесін ұйымдастыру» бөлімінде оқу процесінің форматы, нысандары, сағат саны көрсетілген.

«Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету» бөлімінде оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған оқытудың тиімді әдістері ұсынылған Бағдарламаны іске асыру үшін дидактикалық көзқарас сипатталған.

«Оқыту нәтижелерін бағалау» бөлімінде пән саласының ерекшеліктеріне сәйкес оқыту нәтижелерін бағалаудың тиімді әдістері көрсетілген.

«Курстан кейінгі қолдау» бөлімінде курстан кейінгі қолдау нысаны, форматы мен әдістері сипатталған.

«Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі» бөлімінде Бағдарламаны әзірлеу барысында қолданылған соңғы 5 жылдағы өзекті отандық және шетелдік басылымдар көрсетілген.

Қағиданың 9-тармағына сәйкес Бағдарламаның жобасы жария талқылау үшін педагогтердің біліктілігін арттыру ұйымының интернет-порталында қолжетімді.

Қағиданың 10-тармағына сәйкес Бағдарлама барлық тиісті параметрлерді ескеріп әзірленген.

Сараптамалық қорытынды:

«Инклюзивті білім беру әдістемесі: практикалық тәсілдер», «Методика инклюзивного образования: практические подходы» педагогтердің біліктілікті арттыру курсарының білім беру бағдарламасын келісу ұсынылады.

Негіздеме: Сараптама кеңесінің отырысы, 26.05.2025 жылғы №12 хаттама

Сарапшы:

